

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»
Университет ректоры, т.ғ.д., проф
У. Умбетов
Қызылорда «Болашақ»
Университеті
_____ 2024ж.



**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі туралы
ЕРЕЖЕ**

Қызылорда 2024 ж

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі университеттің жоғары білікті ғылыми педагогикалық кадрларды даярлау жөніндегі ЖОО кафедраларының оқу үдерісін үйлестіруші құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Магистратурада білім беру қызметі 9білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі:

| Білім беру саласының атауы | Шифры | ББ атауы | Ашылған жылы | Берілетін дәреже |
|--|---|--|--------------|---|
| 7M01 Педагогикалық ғылымдар | 7M011 Педагогика және психология | | | |
| | 7M01101 | Педагогика және психология | 2010жылы | 7M01101-Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі |
| | 7M013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау | | | |
| | 7M01301 | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 2005жылы | 7M01301-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі |
| | 7M016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтар даярлау | | | |
| | 7M01601 | Тарих | 2007жылы | 7M01601-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі |
| | 7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау | | | |
| | 7M01701 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 2009 жылы | 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі |
| | 7M01703 | Шетел тілі: екі шетел тілі | 2024 жылы | 7M01703-Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі |
| | 7M01705 | Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті | 2024жылы | 7M01703-Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша педагогика |

| | | | | |
|--|---------------------------------|-------------------------------------|----------|--|
| | | | | ғылымдарының магистрі |
| 7М04 Бизнес, басқару және құқық | 7М41 Бизнес және басқару | | | |
| | 7М04101 | Экономика | 2006жылы | 7М04101-Экономика білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі |
| | 7М04103 | Есеп және аудит | 2024жылы | 7М04103-Есеп және аудит білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі |
| | 7М04104 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 2024жылы | 7М04104-Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі |

1.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі тікелей Академиялық мәселелер жөніндегі басқармаға бағынады.

1.3 Бөлім өз қызметін төмендегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдары;
- Білім саласын реттейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық актілері;
- Университет Жарғысы;
- Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдері;
- Осы Ереже.

1.4 Бөлім қызметі мен міндеттерінде өзгеріс болған жағдайда бөлім бастығы ережені кем дегенде 3 жылда бір рет қайта қарайды.

2 МІНДЕТТЕРІ

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің негізгі міндеттері:

1. Әлемдік білім және ғылыми-ақпараттық жүйеге интеграциялануға бағытталған университет қызметіне қатысу.

2. Білім алушылардың таңдаған ғылыми-педагогикалық бағыттары бойынша теориялық және практикалық дайындықтарын тереңдету, әлемнің ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды қамтамасыз ететін ең маңызды және орнықты білімді магистранттардың игеруіне жағдай жасау.

3. Білім алушылардың белсенді тіршілік әрекеті кезеңінде, олардың бойында өзін-өзі жетілдіру мен дамытуға, жаңа білімді шығармашылық тұрғыда дербес игеру қажеттіліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

4. Қазіргі ғылыми және практикалық проблемаларды шешуге және қалыптастыруға, жоғары оқу орнында оқытушылық қызметті атқаруға, ғылыми және басқарушылық қызметті жүзеге асыруға, ішкі және сыртқы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары кәсіби мәдениетті мамандарды даярлау.

5. Университеттің ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру және ұйымдастырушылық қолдау.

6. Web of Science, Scopus деректер қорында индекстелетін рейтингті басылымдарда университет ғалымдары мен ОПҚ-ң жарияланымдық белсенділігін арттыру.

7. Шет елдердің және ТМД-ның серіктес университеттерімен бірлескен білім беру бағдарламалары мен қос дипломды білім беру бағдарламаларын құру және жүзеге асыру.

ЗҚЫЗМЕТІ

Бөлім қызметі:

1. Магистратура арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім жүйесінде білім беру қызметін жүргізу.

2. Университетте жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру мен басқарудың нормативтік құжаттарын жасау.

3. Ынтымақтастық және серіктестік, бағдарламалардың өзектілігін қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілермен ынтымақтастықты және басқа да оқу орындарымен, ұйымдармен серіктестік орнату.

4. Даму және инновациялар, оқыту мен технологиялардың жаңа әдістерін енгізуді, сондай-ақ еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне сәйкес жаңа бағдарламалар дамыту.

5. Магистратураға қабылдауды ұйымдастыруға байланысты қажетті құжаттарды дайындау, әрі білім беру бағдарламасын жарнамалауды ұйымдастыру.

6. Магистранттардың оқу үдерісін ұйымдастыру және бақылау.

7. Магистранттардың жеке жоспарларының орындалуын бақылау.

8. Университеттің Ғылыми Кеңесіне құжаттар дайындау (магистрлік диссертациялардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту).

9. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесіне арналған ақпараттық, әдістемелік және оқу құжаттарын даярлау.

10. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінің білім беру үдерісін жетілдіру мақсатында кафедралар, деканаттар жұмыстарын үйлестіру.

11. Магистранттардың оқудан шығуы, ауысуы, қайта қабылдануы мәселелеріне байланысты құжаттарды әкімшілік реттеу.

12. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша кафедралардың және басқа да құрылымдық бөлімдердің жұмыстарын үйлестіруге қатысу.

13. Магистранттардың шетелдік тағылымдама және академиялық ұтқырлығын, сондай-ақ ПОҚ ғылыми алмасуын ұйымдастыруға қатысу.

14. Магистранттардың кәсіптік іс-тәжірибесін ұйымдастыруға қатысу және оларды әкімшілік реттеу.

15. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына сәйкес қорытынды аттестаттау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру.

16. Университеттің бөлімдерін, кафедраларды ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету;

4.ҚҰҚЫҒЫ

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді жүзеге асыруда төмендегілерге құқылы:

1. Университет көлемінде жүргізілетін мәселелерді шешуге қатысуға.

2. Жоғары оқу орындарының сәйкес бөлімдерімен, ғылыми-зерттеу институттарымен, университеттің құрылымдық бөлімдерімен ынтымақтастық орнатуға.

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жұмыстарына университеттің оқытушы-профессорлар құрамын белгіленген тәртіппен тартуға.

5.УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРІМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

5.1 Ғылыми кеңес, Ректорат:

- Ректораттың, Ғылыми Кеңестің отырыстарына бөлім басшысының қатысуы;
- Ректоратта, Ғылыми Кеңесте бөлім қызметі туралы мерзімді есеп беру;
- Университеттің Ғылыми Кеңесінің өкімі бойынша ақпараттық-анықтамалық материалдар дайындау;
- Ғылыми Кеңестің отырыстарына магистранттардың ғылыми жетекшілері мен диссертация тақырыптарын бекітуге ұсыну;

5.2 Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма:

- Құрылымдық бөлімшелер басшыларының тұрақты мәжілісінің күн тәртібін бірлесіп дайындау;
- Магистранттардың академиялық ұтқырлығын, оқытушы-профессорлық құрамының (ОПҚ) ғылыми алмасуын ұйымдық және әдістемелік қамтамасыз ету.

5.3.Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыс жөніндегі бөлім:

- Магистранттардың шетелдік тағылымдамаларының, оқытушы-профессор құрамының ғылыми алмасуын ұйымдастыру және ақпараттық қамтамасыз ету.

5.4.Жоғары мектептер, кафедралар:

- Магистратурада білім беру үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру жұмыстарын үйлестіру; ұйымдастыру мәселелері бойынша үйлестірушілік;
- Магистранттардың жеке жұмыс жоспарларының орындалуы жөнінде есеп алу;
- Бөлім қызметінің аясында басқа да материалдарды алу.

5.5. Кітапхана:

- ғылыми-техникалық іс-шараларды, кітап және ғылыми еңбектер көрмесін бірлесіп ұйымдастыру.

5.6. Қашықтықтан оқыту орталығы:

- университет веб-сайтында хабарламаларды мерзімінде жаңартып отыру;
- интернет-ресурстарға қосылу және тиісті жағдайды қамтамасыз ету;

5.7 Студенттік бөлім:

- ректор бекіткен бұйрықтар мен басқа құжаттарды, ақпараттық хаттарды алу.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі магистранттарға тәжірибелі тәлімгерлермен өзара іс-қимыл жасауға және заманауи зерттеу ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін академиялық инфрақұрылымның ажырамас бөлігі болып табылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректоры:

Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы:

А.К.Мырзанова

Білім беру және педагогика жоғары
мектебі деканы:

Д.Ж.Серкебаев

Бизнес, техника және технология жоғары
мектебі деканы:

М.Ә.Ембергенов

Құрастырған:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
бөлімінің басшысы:

А.Т.Еспенбетова